

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 150 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 8 сәуірдегі N 299

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 125 жылдығын мерекелеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 150 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 6, 44-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасында:

мерейтой комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Қ.Е.Көшербаев - Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау

министрі, комиссия төрағасы болып

А.Қ.Бижанов - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің

менгерушісі (келісім бойынша)

Ж.Мұқашев - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Д.К.Қасейінов - Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Мәдениет комитетінің

төрағасы

Ә.Р.Жақсыбеков - Ақмола қаласының әкімі

В.В.Храпунов - Алматы қаласының әкімі

Т.Т.Қадамбаев - Қостанай облысының әкімі

И.Н.Тасмағамбетов, Т.А.Мамашев, М.Ж.Жұрынов, Р.Қ.Тоқсейітов, В.А.Брынкин, Ш.Қ.Құлмаханов, О.Б.Мұхамеджанов аталған құрамнан шығарылсын.

"Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат жөніндегі ұлттық агенттігінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"А.С.Сәрсенбаев - Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрі".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК